

"Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет туралы" ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 2 қыркүйек N 139 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қазанда тіркелді. Тіркеу N 403. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998.12.31. N 20 ~ V980683 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. "Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет туралы" ережені бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы ережені тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы атқарушы аппаратының рынокты реттеу басқармасына жүктелсін.

4. Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

5. Барлық брокерлік және дилерлік компаниялар өздерінің қызметтерін осы ережеге оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеген сәттен бастап үш ай ішінде сәйкестендірсін.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі

ұлттық комиссиясының

1997 жылғы " ____ " _____

Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік
қызмет туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) К941000_ , "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 марттағы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асырудың шарттарын және тәртібін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережеде мынадай айқындамалар пайдаланылады:

Андеррайтер - брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және белгілі бір сыйақы немесе жеңілдік үшін андеррайтингтік қызметті жүзеге асыратын тұлға;

Андеррайтингтік қызмет - бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын эмитентпен жасасқан келісімнің негізінде орналастыру жөніндегі брокер-дилердің мақсатты қызметі;

Андеррайтингтік шарт - эмитент пен андеррайтердің басқарушысының арасында жасалған, бағалы қағаздарды орналастырудың шарттары мен тәртібін айқындайтын келісім;

Брокер-дилер - бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және БҚҰК тиісті лицензиясы бар заңды тұлға;

Брокерлік қызмет көрсетуге арналған келісім - қызмет көрсету үшін брокер-дилердің және оның клиентінің арасында жасалған келісім;

Инвестициялық шешім - бағалы қағаздар портфелінің құрылымын қалыптастыру және өзгерту жөніндегі шаралар туралы шешім;

Клиенттің тапсырмасы - бағалы қағаздармен мәмілелер жасау үшін брокер-дилерге клиент берген құжат;

Комиссиялық табыстар - брокерлік қызмет көрсету келісімін белгіленген, брокер-дилердің ақшалай сыйақысы;

Мүдделер қақтығысы - бағалы қағаздармен мәмілелер жасауды жүзеге асыру

кезінде туындайтын, брокер-дилердің және оның клиентінің мүдделерінің карама-қайшылығы орын алатын жағдаят;

Жеке шот - бағалы қағаздарды және ақшаларды есепке алу және клиентті бірдейлендіру жүзеге асырылатын өзара байланысты жазбалар мен құжаттардың жиынтығы;

Треjder - брокер-дилердің оның атынан немесе клиенттің атынан және тапсырмасы бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер жасауды тікелей жүзеге асыратын білікті маманы;

Андеррайтер басқарушы - эмиссиялық синдикатты ұйымдастыруға, эмиссиясы дайындауға және эмитент және эмиссиялық синдикат арасындағы шартты жасауға, бағалы қағаздарды эмиссиялық синдикаттың орналастыруына жауапты андеррайтер;

Эмиссиялық синдикат - тәуекелдерді азайту мақсатында және бағалы қағаздарды бастапқы орналастыруға ықпал жасайтын, андеррайтерлердің уақытша құрылған тобы;

Эмиссиялық келісім-шарт - андеррайтерлердің арасында жасалған негізінде эмиссиялық синдикат құрылатын келісім.

1.2. Брокер-дилердің және оның клиентінің арасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын барлық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен, осы Ережемен және брокерлік қызмет көрсетуге брокер-дилер және оның клиентінің арасында жасалған келісіммен реттеледі.

1.3. Брокер-дилердің өздерінің қызметтерін жүзеге асыруларының ерекшеліктері бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымның (бұдан әрі - ӨРҰ) ережелерімен немесе БҚҰК келісімі бойынша бағалы қағаздармен саудаластықтарды ұйымдастырушылар (СҰ) белгілеуі мүмкін.

1.4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес БҚҰК белгілеген тәртіпте БҚҰК немесе ӨРҰ берген біліктілік куәліктері бар болғанда брокер-дилердің мамандары клиенттерінің бағалы қағаздармен операциялар жасауды және оларды есепке алуды жүзеге асыруға құқылы.

1.5. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, мынадай санаттарға лицензия беру көзделетін тәртіпте лицензиялауға жатады:

а) бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет (1 санатты лицензия);

клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар рыногындағы

брокерлік және дилерлік (II санатты лицензия).

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленген өкілеттік шектерінде БҚҰК және ӨРҰ немесе СҰ жүзеге асырады.

II. Брокер-дилердің функциялары, құқықтары және міндеттері

2.1. Брокер-дилер мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- а) өз есебінен және клиенттердің есебінен өз атынан және клиенттің атынан бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды және клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерді құжаттарды түрде ресімдейді;
- б) оның клиенттерінің инвестициялық шешімдер қабылдаулары үшін қажетті ақпаратты және ұсыныстамаларды дайындауды және беруді жүзеге асырады;
- в) клиентпен келісім бойынша өзге де консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсетеді.

2.2. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде брокер-дилер:

- а) клиентпен жасасқан келісімнің шарттарымен оған берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет жасауға;
- б) клиенттің ақшаларды бағалы қағаздарға инвестициялау мақсаттарын, егер олар клиенттің коммерциялық құпиясын құрамаса, анықтауға және өзінің қызметін осы мақсаттарға сәйкес жүзеге асыруға;
- в) клиенттік тапсырмаларды клиенттерге аса қолайлы бағалар бойынша атқаруға;
- г) клиенттерге әрбір жасалған мәміле және ол бойынша міндеттемелердің орындалысы туралы растамаларды брокерлік қызмет көрсету шартымен белгіленген тәртіпте жіберуге;
- д) клиенттердің бағалы қағаздарымен мәмілелерді төлеуге кепілдік бермейтін мәмілелерді жасауға тапсырыстарды қабылдаудан бас тартуға, бағалы қағаздарды иеленуге және оларды мәміле ұйымдасқан рынокта жасалған кезде клиенттің тапсырмасын берген сәттен бастап үш банктік күн ішінде немесе ұйымдаспаған рынокта клиенттің мүддесі үшін жасалған келісіммен белгіленген мерзімде брокер-дилердің қарамағына беруге міндетті.

2.3. Брокер-дилердің бағалы қағаздармен мәмілелерді жасауға, егер аталған мәмілелерді жасау оның клиенттерінің брокерлік қызмет көрсетуге жасалған келісімде көрсетілген мүдделеріне қайшы келсе, құқығы жоқ.

2.4. Брокер-дилер брокер-дилердің мүдделерінің клиенттердің мүдделерімен қақтығысының туындаған фактілері, сондай-ақ оның қаржылық жай-күйінің төмендеуі мен оның себептері немесе уәкілетті органдардың қолданған жазалары туралы осындайлар туындағаннан кейін үш күн ішінде клиенттерге хабарлауға

міндетті. Аталған ескертпелерді брокерлік қызмет көрсету келісімімен белгіленген брокер-дилер тәртіпте жүргізеді.

Брокер-дилердің қаржылық тұрақтылығының Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес келмеуі қаржылық жай-күйінің төмендеуі деп танылады.

2.5. Кездейсоқ жағдаяттардың салдарынан бағалы қағаздардың рыноктік бағасы өзгерген жағдайда, егер керісінше дәлелсіз болса, клиентке келтірілген залалдар үшін брокер-дилерге жауапкершілік жүктелмейді.

Брокер-дилердің заңсыз немесе сауатсыз әрекеттерінің нәтижесінде клиентке келтірілген материалдық залалдар үшін брокер-дилерге материалдық жауапкершілікте жүктеледі.

2.6. Қаржылық және бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметті жүзеге асыру процесінде алынған клиенттер туралы өзге де ақпараттардың құпиялығын, Қазақстан Республикасының заңдарында және ӨРҰ немесе СҰ ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, брокер-дилер сақтауға міндетті.

2.7. Брокер-дилер өзінің қызметі туралы, клиенттері және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпараттарды кемінде бес жыл, оның ішінде қағаз түріндегі таратқыштарда үш жыл, сақтауды жүзеге асырады.

III. Бағалы қағаздармен сауда жасау ережелері

3.1. Брокер-дилерге тиесілі бағалы қағаздар және ақшалар оның клиенттерінің бағалы қағаздарынан және ақшаларынан бөлек, орталық депозитарийдегі брокер-дилердің арнаулы шоттарында немесе тіркеушіде және тиісінше екінші деңгейдегі банктерде сақталады.

Клиенттің ақшаларын немесе бағалы қағаздарын алғаннан кейін, брокер-дилер оларды аталған шоттарға шұғыл түрде салу керек.

Егер ӨРҰ, орталық депозитарийдің немесе тіркеушілердің ережелерімен өзгеше белгіленбесе, брокер-дилердің бір шотында оның барлық клиенттерінің бағалы қағаздарды немесе ақшалары салынады.

3.2. Брокер-дилер клиенттің қаражатын осы клиенттің мүддесіне орай комиссиялық және мәмілелерді жүзеге асыруға байланысты өзге де төлемдерді төлеу үшін пайдалануға құқылы және аталған қаражатты басқа клиенттердің мәмілелері және басқа операциялар бойынша пайдалануға, егер бұл арнаулы түрде брокерлік қызмет көрсету келісімінде көрсетілмесе, құқығы жоқ.

3.3. Брокер-дилердің клиенттеріне тиесілі қаражат тұтқындалуға немесе қолданылып жүрген заңдармен көзделген жағдайлардан басқа, үшінші тұлғалардың алып қоюына жатпайды.

3.4. Клиенттің тапсырмасы бойынша мәмілелер жасауды жүзеге асыратын брокер-дилер бір мәміледе брокер немесе дилер ретінде болуға құқылы.

3.4.1. Брокер ретінде қызметті жүзеге асыру кезінде брокер-дилер бағалы қағаздарды өз есебінен сатады немесе сатып алады.

Брокер-дилерлердің ұйымдасқан рынокта брокер ретінде қызметті жүзеге асыруларына қойылатын талаптар бағалы қағаздармен саудаластықты ұйымдастырушылардың ережелерімен белгіленеді.

3.4.2. Брокер-дилер клиенттің бағалы қағаздарымен мәмілелерді мынадай жолмен жасайды:

а) рыноктік клиенттік тапсырманы-клиент үшін бағалы қағаздарды рыноктік баға бойынша шұғыл түрде сатып алуды немесе сатуды жүзеге асыруды орындайды;

б) шектік клиенттік тапсырманы-клиент үшін бағалы қағаздарды тапсырмада айқындалғандағыдан төмен (немесе оған тең) баға бойынша сатып алуды немесе бағалы қағаздарды тапсырмада айқындалғандағыдан жоғары (немесе оған тең) баға бойынша сатуды жүзеге асыруды орындайды;

в) шартты клиенттік тапсырманы-алдыңғы тапсырманы орындағаннан кейін клиенттердің активтерімен іс-әрекеттерді жүзеге асыруды орындайды.

3.4.3. ӨРҰ және СҰ ережелерімен клиенттердің тапсырмаларының өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

3.5. Брокер-дилер клиенттердің тапсырмаларын орындау үшін аса көп күш жұмсауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туындағанда клиенттің мүдделерінің басымдылық принципін сақтауға міндетті.

3.6. Брокер-дилер қандай да болмасын бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзгеше түрде сатып алу немесе сату жөніндегі ұсыныстарға қатысты нақты емес мәліметтер, бағалы қағаздардың бағалары және саны бар, сондай-ақ осындай ақпараттың көзі ретіндегі ақпаратты жариялауға құқылы емес.

3.7. Брокер-дилердің мәмілелер жасауына сенім білдіруге тек брокерлік-дилерге жол беріледі. Сенім білдіруге, егер ол брокерлік қызмет көрсету шартында көрсетілсе не брокер-дилер кездейсоқ жағдаяттарға байланысты өзінің клиентінің мүдделерін қорғау үшін жазбаша ескертумен және соңғысының келісімімен қоса тиісті құжаттарға тіркей отырып, осыған сүйенуге мәжбүр болса, жол беріледі.

Сенім білдіру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.8. Брокерлік қызмет көрсету шартында көзделген жағдайларда, клиент брокер-дилерге инвестициялық шешімдер қабылдауға құқық беруі мүмкін.

Клиенттің инвестициялық шешімдер қабылдауына ұсыныстамалар жасау және клиенттің активтеріне қатысты брокер-дилердің дербес түрде инвестициялық шешімдер қабылдау тәртібін брокер-дилер айқындайды және:

а) брокер-дилердің инвестициялық шешімдер қабылдауға және клиенттің

инвестициялық шешімдер қабылдауы үшін ұсыныстамалар жасауға, сондай-ақ аталған әрекеттерді құжатты түрде бекітуге жауапты тұлғаларының тізбесі;

б) талдау негізінде инвестициялық шешім қабылданған немесе ұсыныстама жасалған ақпараттар көздерін тіркеудің тәртібі болу керек.

Инвестициялық шешімді дербес түрде қабылдауды брокер-дилер клиенттердің брокер-дилердің өз капиталының 50%-нен аспайтын активтеріне қатысты жүзеге асырады, керісінше жағдайда брокер-дилердің аталған қызметі бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясының негізінде, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

IV. Есепке алу жүйесін ұйымдастыру

4.1. Брокер-дилерде:

- а) бағалы қағаздармен операцияларды тікелей жүзеге асыру;
- б) клиенттердің бағалы қағаздарының және ақшаларының қозғалысын есепке алу;
- в) клиенттерінің алдында, бағалы қағаздар бойынша табыс алуға және басқа да құқықтарға байланысты брокер-дилердің міндеттерін атқару;
- г) клиенттердің жеке шоттарымен жүргізілетін операциялар;
- д) бухгалтерлік есепке алу, қажетті қаржылық есеп беруді және брокер-дилердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеуді даярлау;
- е) брокер-дилерлердің өздерінің ішкі ережелерін, ӨРҰ және СҰ ережелерін және Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауларына бақылау жасау міндеттеріне енгізілетін тұлғалар айқындалу керек.

4.1.а және 4.1.б тармақшаларында көрсетілген функцияларды бір ғана тұлғалар орындай алмайды.

4.2. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізуді және олармен жасалған мәмілелерді есепке алуды жүзеге асыру жөніндегі функциялар еңбек келісімнің негізінде брокер-дилер жұмысқа қабылдаған тұлғаларға жүктелмейді.

4.3. Брокер-дилердегі есепке алуды ұйымдастыруға жауапкершілік оның бірінші басшысына және бас бухгалтерге жүктеледі.

V. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізудегі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі

5.1. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде брокер-дилер мынадай құжаттар мен ақпараттарды әзірлеуді және тіркеуді жүзеге асырады:

- а) брокерлік қызмет көрсетуге келісімді;
- б) клиенттік тапсырманы;
- в) клиенттерден қабылданған тапсырмалардың журналы;
- г) трейдерге тапсырманы;
- д) бағалы қағаздардың ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған рыноктарында брокерлік қызмет көрсету келісімін және клиенттік тапсырманы орындау үшін жасалған брокер-дилердің келісімін.

5.2. Брокер-дилер клиенттің бағалы қағаздарымен операциялар жүргізуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес клиентпен брокерлік қызмет көрсетуге жасасқан келісімнің негізінде жүзеге асырады.

5.2.1. Брокерлік қызмет көрсетуге келісім клиентпен ақшамен және бағалы қағаздармен кез-келген операцияларды жүргізуге дейін, сондай-ақ брокер-дилердің қызметін жүзеге асыруының ішкі ережелерімен клиент танысқаннан кейін жасалады.

5.2.3. Қолданылып жүрген заңдарда көзделген шарттардан басқа,

брокерлік қызмет көрсету келісімінде:

- а) келісім тараптарының реквизиттері;
- б) келісімнің нысанасы: брокерлік қызмет көрсету, оның ішінде бағалы қағаздарды нақтылы ұстау жөніндегі қызмет көрсету (егер брокер-дилер нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыра алса);
- в) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- г) келісімнің күшіне енуінің және оны қолдануды тоқтатудың тәртібі мен шарттары;
- д) келісімге өзгерістер енгізудің тәртібі;
- е) тараптардың арасындағы есеп айырысудың тәртібі, оның ішінде келісімді қолдануды тоқтату кезіндегі;
- ж) клиенттік тапсырманы брокерге берудің нысаны;
- з) тараптардың арасындағы қатынастарға қатысты дауларды шешудің тәртібі;

и) көрсетілген қызметтер және бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар үшін комиссиялық табыстардың тәртібі мен мөлшері, оның ішінде клиентте брокер-дилердің қызметін төлеу үшін ақшасы болмаған кезде;

к) брокер-дилердің және клиенттің арасындағы ақпараттар берудің

тәртібі;

л) клиенттің уәкілетті тұлғаларының бағалы қағаздармен операциялар жүзеге асыруларының тәртібі;

м) бірнеше меншік иелері болған кезде операциялар жүргізудің тәртібі болу керек.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау жөніндегі қызмет көрсету кезінде келісімде сондай-ақ клиентке оның шоттарының жай-күйлері туралы ақпараттар берудің шарттары мен тәртібі көзделу керек.

5.2.4. Келісімді қолданудың мерзімі тараптардың келісімдері бойынша айқындалады.

5.2.5. Келісімді қолдану:

а) тараптардың екі жақты бірдей келісімдері бойынша;

б) бір тараптың ықыласы бойынша екінші тарапты ескерте отырып, кемінде 30 күнді құрайтын мерзімде;

в) брокер-дилердің лицензиясы тоқтатыла тұрғанда немесе оның қайтарып алғанда;

г) бір жақты тәртіппен келісімнің шарттары орындалмағанда тоқтатылады.

Келісім тоқтатылғанда брокер-дилер клиентке оған тиесілі бағалы

қағаздарды және ақшаларды, егер брокерлік қызмет көрсету келісімімен өзгеше көзделмесе, бес банктік күннен аспайтын мерзімде қайтару жөніндегі шаралар қабылдауға міндетті.

5.3. Клиенттің бағалы қағаздарымен операциялар жүргізуді жүйелі клиенттік тапсырма негізінде брокер-дилер жүзеге асырады.

5.3.1. Клиенттік тапсырмада мынадай ақпарат болады:

а) клиенттік тапсырманың нөмірі (барлық клиенттік тапсырмаларды нөмірлеу алмаспайды);

б) тапсырысты алған күн және дәл уақыт;

в) клиенттің толық аты немесе оның жеке шотының нөмірі;

г) тапсырманың 3.4.2 және 3.4.3 тармақтарға сәйкес түрі;

д) мәміленің түрі - бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату;

е) бағалы қағаздардың түрі және толық атауы;

ж) тапсырысты қолданудың ұзақтылығы;

з) бағалы қағаздарды төлеудің және жеткізудің тәртібі;

- и) бағалы қағаздардың саны;
- к) мәміленің жорамалданған бағасы;
- л) бағалы қағаздардың рыноктік бағасы көтерілгенде клиенттің оның төлеу жөніндегі міндеттемелері туралы мәліметтер;
- м) клиенттің қолы, заңды тұлғалар үшін - қосымша - мөр таңбасы;
- н) брокер-дилердің тапсырманы қабылдаған маманы туралы ақпарат;
- о) брокер-дилер тарабынан осы мәмілені жүргізу туралы ұсыныстаманың болғандығы туралы ақпарат;

- п) сату үшін клиенттер ұсынған бағалы қағаздарды иелену туралы, тиісті түрде ресімделген құжаттармен куәландырылған ақпарат;

- р) ӨРҰ, СҰ және брокер-дилердің ережелерімен белгіленген өзге ақпарат.

5.3.2. Клиенттік тапсырма брокер-дилерге жазбаша немесе кейіннен құжаттардың түпнұсқасын бере отырып, электрондық және факсимальды байланыс арқылы беріле алынады.

5.3.3. Клиенттік тапсырманы брокер-дилер, егер брокерлік қызмет көрсету келісімімен өзгеше көзделмесе, келіп түсу ретімен орындайды.

5.4. Брокер-дилер клиенттік тапсырманың қабылданғанын бір банктік күн ішінде ӨРҰ және СҰ, сондай-ақ брокерлік қызмет көрсету келісімімен белгіленген тәртіпте растау керек.

5.5. Клиенттік тапсырманың көшірмесі брокер-дилердің бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларды есепке алуды тікелей жүзеге асыратын бөлімшесіне берілу керек.

5.6. Клиенттік тапсырмалардың келіп түсуі клиенттік тапсырмалардың

хронологиялық ретпен жүргізілетін журналында көрсетілу керек.

5.7. Брокер-дилер клиентке жалғыз өзі қызмет көрсеткен жағдайда, брокерлік қызмет көрсету келісімі және клиенттік тапсырма қолданылып жүрген заңдармен көзделген шарттардан басқа 5.2.3 және 5.3.1 тармақшалардағы көрсетілген ережелер болатын келісім-тапсырмаға ауыстырылуы мүмкін.

5.8. Клиенттік тапсырманы атқаруды ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған рыноктарда брокер-дилерден алынған тапсырманың негізінде трейдер жүзеге асырады. Осы тапсырмада:

- а) трейдерге тапсырманың ағымдағы нөмірі;
- б) тапсырманы трейдердің атқаруына берудің күні және уақыты;

- в) тапсырманың түрі;
 - г) трейдер туралы мәлімет;
 - д) бағалы қағаздардың атауы;
 - е) бағалы қағаздардың саны;
 - ж) брокер-дилердің мәмілеге брокер немесе дилер ретінде қатысуы туралы мәлімет;
- з) тапсырманың атқарылуы туралы есепті алудың күні мен уақыты көрсетілу керек.

Брокер-дилер брокер ретінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасауды жүзеге асыру кезінде трейдерге берілетін тапсырмада қосымша:

- а) клиенттің тапсырмасын брокер-дилердің алған күні, нөмірі және уақыты;
- б) осы мәміле бойынша брокер-дилердің клиентке берген ұсыныстамасы туралы мәлімет болу керек.

Тапсырманы трейдерге берудің шарттары мен тәртібі, қосымша ақпарат және трейдерге беретін тапсырманың нысаны ӨРҰ және СҰ, сондай-ақ брокер-дилердің ішкі ережелерімен белгіленуі мүмкін.

5.9. Бағалы қағаздармен мәмілелерді трейдерге берілетін тапсырманың негізінде трейдер немесе ұйымдаспаған рыноктағы брокер-дилердің уәкілетті тұлғасы жасайды.

5.9.1. Ұйымдаспаған рынокта бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру кезінде брокер-дилердің жасаған келісімінде қолданылып жүрген заңдарда көзделген ережелерден басқа:

- а) брокер-дилердің және мәміленің контрагентінің толық ресми атауы және мекен-жайы;
- б) мәмілені жасаған тұлға және оның өкілеттігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер;
- в) бағалы қағаздардың түрі және құны;
- г) тараптардың арасындағы есеп айырысудың тәртібі және есеп айырысудың сомасы, мәмілені жүзеге асыру кезіндегі шығындарды жабудың тәртібі;
- д) брокер-дилердің дилер немесе брокер ретінде қатысуы туралы ақпарат;
- е) мәміле жасалған күн және уақыт болу керек.

Брокер-дилер брокер ретінде бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру кезінде келісімде клиент туралы қосымша мәлімет болу керек. Келісім немесе оның көшірмесі клиентке немесе оның уәкілетті тұлғасына берілу

керек және оның көшірмесі клиент туралы жалпы ақпаратпен бірге брокер-дилерде сақталу керек.

5.9.2. Бағалы қағаздармен саудаластықтарды ұйымдастырушылардың

ережелерінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді растайтын өзге де құжаттар көзделуі мүмкін.

5.9.3. Мәмілеге байланысты құжаттарды трейдер брокер-дилерге мәміле жасалған күні беру керек.

5.10. Бағалы қағаздармен мәміле жасалғаннан кейін клиенттік тапсырманың бос қалған жолдары былайша толтырылуы керек:

- а) мәміленің жасалған күні және нақты уақыты;
- б) мәміленің жасалған орны;
- в) мәміле бойынша міндеттеме атқару қажетті болатын күн;
- г) бағалы қағаздардың құны және саны;
- д) мәміленің контрагенті туралы мәлімет.

VI. Бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды есепке алуды жүзеге асырудың тәртібі

6.1. Бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларды есепке алуға мыналар кіреді:

- а) клиенттердің жеке шоттарымен операциялар жүргізу кезіндегі құжаттар айналысы;
- б) жасалған мәмілелердің журналы;
- в) атқарылған мәмілелердің журналы;
- г) бағалы қағаздардың қозғалысын есепке алу;
- д) ақша қозғалысын есепке алу;
- е) клиенттерге тиесілі бағалы қағаздар бойынша табыстардың түсуін есепке алу журналы;
- ж) клиенттердің шағымдарын есепке алу журналы;
- з) есептерді беру журналы.

6.2. Жеке шоттармен жүргізілетін операцияларға:

- а) бағалы қағаздардың жаңа иеленушілеріне шот ашу;
- б) бағалы қағаздарды меншіктеу құқықтарының өтуіне байланысты жазбалар енгізу;
- в) шоттардың реквизиттерін өзгертетін және бағалы қағаздарды меншіктеу құқықтарының өтуіне байланысты емес техникалық операциялар;
- г) ақпараттық операциялар;

д) бағалы қағаздармен жүргізілетін ауқымды операциялар жатады.

6.2-тармақтың б)-д) тармақшаларында көрсетілген жеке шоттармен операциялар жүргізу бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер-дилерлер жүзеге асырады.

6.2.1. Брокер-дилер әрбір клиентке жеке шот ашады. Клиенттің жеке шотына:

- а) клиенттің толық атауы;
- б) әрбір клиент үшін жеке болып табылатын шоттың нөмірі;
- в) заңды тұлғалар үшін - толық атауы, заңды және пошталық мекен-жайы, ОКПО коды; жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері, мекен-жайы; Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін - Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық келісімдерге сәйкес клиентті бірдейлендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер мен құжаттардың тізбесі;
- г) банктік реквизиттер;
- д) бір бағалы қағаздың бірнеше меншік иесі болған жағдайда барлық меншік иелерінің және уәкілетті тұлғалардың жоғарыда аталған барлық мәліметтері, сондай-ақ мүлікке үлесті бөлу және осы үлесті өзге тұлғаларға беру шарттары туралы мәліметтер;
- е) нақтылы ұстау туралы мәліметтер;
- ж) клиенттің тәуекел деңгейін көрсететін, клиенттің тосатын табыстылығы және инвестициялауды әртараптандыру нормалары туралы мәліметтер бар инвестициялаудың мақсаттары;
- з) инвестициялаудың объектілері;
- и) жеке тұлғалар үшін - клиенттің және оның уәкілетті өкілінің қолдарының нотариалды куәландырылған үлгілері, заңды тұлғалар үшін басшысының, бас бухгалтердің қолдарының үлгілері және мөр таңбасы;
- к) уәкілетті тұлғалардың құқықтары туралы мәліметтер;
- л) бағалы қағаздарға жүк арту күшінде осы бағалы қағаздарға қатысты белгілі бір құқықтарды иеленген тұлғаны көрсете отырып, бағалы қағаздарға міндеттемелермен жүк арту туралы мәліметтер;
- м) клиенттердің бағалы қағаздар бойынша табыстар алуы және бағалы қағаздарға байланысты өзге де құқықтарды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелер енгізілу керек.

6.2.2. Брокер-дилер жеке шоттармен жүргізілген барлық операцияларды:

- а) өзгерістерді енгізу күні;

б) операцияның түрі және операцияның реттік нөмірі;
в) осы операция жүргізілетін шоттардың нөмірлері және бағалы қағаздар туралы мәліметтер болатын арнаулы журналда тіркеуді жүзеге асырады.

6.2.3. Бағалы қағаздардың ұстаушыларына ақпарат беруді брокер-дилер сұрау салу негізінде, брокерлік қызмет көрсету келісімімен белгіленген тәртіпте жүргізеді.

Уәкілетті мемлекеттік органға брокер-дилердің ақпарат беруі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыратын брокер-дилердің тіркеушіге немесе орталық депозитарийге ақпарат беруі аталған ұйымдардың сұрауы негізінде талап етілген ақпараттың көлемін көрсете отырып, сұрауды алған сәттен бастап бес күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Брокер-дилер акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге немесе бағалы қағаздар бойынша табыстар төлеуге арналған қажетті ақпаратты әзірлеуді және беруді тегін жүзеге асырады. Өзге жағдайларда ақпарат беру жөніндегі қызмет көрсетудің тәртібі қосымша келісімдермен белгіленеді.

Клиент туралы мәліметтерді брокер-дилер тіркеуші немесе орталық депозитарий үшін клиенттің алдын ала келісімі болғанда есеп беруге енгізеді.

6.2.4. Брокер-дилер ауқымды операциялардың нәтижелері жөніндегі жазбаға өзгерістерді эмитенттің ауқымды операцияны жүргізу туралы өкімінің көшірмесінің және тіркеушінің немесе орталық депозитарийдің тиісті өкімінің негізінде енгізеді. Бағалы қағаздар эмиссиясының құрылымы өзгерген кезде аталған ұйымдар брокер-дилерге осы әрекетті бекіту туралы БҚҰК құжатының көшірмесін қосымша ұсынулары қажет.

6.3. Клиенттің тапсырмаларының және трейдерлерден алынған құжаттардың негізінде брокер-дилер жасалған мәмілелер журналына ақпарат енгізеді.

Жазбалар журналға мәміле жасалған күні енгізіледі және мыналар:

- а) клиенттік тапсырманың нөмірі;
- б) клиент туралы мәлімет;
- в) мәміле жасалған күн;
- г) мәміленің контрагенті туралы мәліметтер;
- д) бағалы қағаздың атауы немесе коды;
- е) бағалы қағаздардың саны және құны;
- ж) мәміленің түрі туралы мәліметтер сатып алу немесе сату;
- з) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркегендік үшін тіркеу алымы немесе өзге де төлемдердің сомасы, комиссиялық сыйақылар және өзге де төлемдер;
- и) тараптардың келісімге немесе саудаластықтарды ұйымдастырушылардың ережелеріне сәйкес міндеттемелерді және есеп айырысуды орындау күні болады.

6.4. Мәміле жөніндегі міндеттемелердің орындалысын растайтын құжаттар алынғаннан кейін мәміле туралы ақпарат жасалған мәмілелер журналына енгізіледі. Осы журналды жүргізудің тәртібі ӨРҰ және брокер-дилердің ережелерімен белгіленеді.

6.5. Брокер-дилер клиентке есеп берудің мынадай түрлерін беруге

міндетті:

- а) жасалған мәміле туралы жазбаша ескертпе;
- б) орындалмаған клиенттік тапсырмалар туралы есеп;
- в) ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын жасалатын мерзімдік есеп берулер.

Ұйымдасқан рыноктарда брокер-дилер сондай-ақ клиентке жасалған мәміленің шарттарын беруге және оның осы шарттармен келісуі туралы растаманы мәміле жасалған күннен кейін бір күннен аспайтын мерзімде алуға міндетті.

6.5.1. Клиенттің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздармен мәміле жасау жөніндегі міндеттемелерді атқарғаннан кейін брокер-дилер мәміле бойынша толық есеп айырысқан банктік күннен кейінгі күннен кешіктірмей клиентке оның орындалысы туралы жазбаша ескертпе беру керек. Жазбаша ескертпеге мыналар:

- а) брокер-дилер және оның клиенті туралы мәліметтер;
- б) бағалы қағаздардың атауы және коды;
- в) мәміле жасаған және ол бойынша міндеттемелер атқарылған күн;
- г) брокерлік қызмет көрсету келісімі және негізінде осы мәміле жүзеге асырылған клиенттік тапсырма;
- д) мәміленің түрі - сатып алу немесе сату;
- е) сатып алынған немесе сатылған бағалы қағаздардың саны;
- ж) бір бағалы қағаздың бағасы;

з) клиент төлеген немесе мәміле бойынша клиентке төленген сома, комиссиялық немесе нақты мәміленің атқарылуына байланысты брокер-дилер алуға тиіс төлемдердің мөлшері енгізілу керек.

Әрбір жазбаша ескертпенің көшірмесі клиент туралы ақпаратпен бірге сақталу керек.

Жазбаша ескертпенің көшірмесі брокер-дилердің бухгалтериясына тапсырылу керек.

Бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында аталған жазбаша ескертпе клиентке брокер-дилердің клиент алдындағы брокерлік қызмет көрсету келісіміне сәйкес міндеттемелері орындалғаннан кейін берілу керек.

6.5.2. Орындалмаған тапсырмалар туралы есепте орындалмаған тапсырмалардың тізілімі олардың орындалмау себептері көрсетіліп болады және брокерлік қызмет көрсету келісімімен белгіленген тәртіпте беріледі.

6.5.3. Мерзімділік есептерде соңғы есепті бергеннен кейінгі мерзімдегі клиенттік шоттың жай-күйі туралы мынадай ақпарат болады:

- а) клиенттің шоты бойынша бағалы қағаздармен жүргізілген барлық операциялар;
- б) төлемдер және шоттағы ақша қалдығы;
- в) клиентке тиесілі бағалы қағаздардың саны және олардың есепті кезеңнің аяғына рыноктік құны.

6.5.4. Мерзімділік есептер клиентке:

- а) клиенттің шоты бойынша операциялар жүргізген кезде айына кемінде бір рет;
- б) бағалы қағаздар және ақша бойынша шоттар бойынша қалдықтар болса және клиенттің шоттарымен операциялар жүргізілмегенде - тоқсанына кемінде бір рет.

6.6. Брокер-дилердің қаржылық есеп берулері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7. Тіркеушілердегі немесе нақтылы ұстаушылардағы бағалы қағаздар бойынша құқықтарды өзгертуге әкеп соқтырған бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді брокер-дилер Қазақстан Республикасының заңдарына және тиісті нақтылы ұстаушының немесе тіркеушінің операциялар жүргізу ережелеріне сәйкес жүргізеді.

Брокер-дилердегі, тіркеушідегі немесе орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар туралы мәліметтердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, брокер-дилер бұл туралы аталған ұйымдарды жазбаша ескертуге міндетті және сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіпте қабылдау керек.

6.8. Брокер-дилер клиентке нақтылы ұстаушы ретінде қызмет көрсеткен кезде брокер-дилер:

- а) клиент туралы мәлімет;
- б) клиенттерге тиесілі бағалы қағаздар бойынша табыстар алу күні және сомасы бар, оның клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздар бойынша табыстардың келіп түсу журналын жүргізу керек.

6.9. Клиенттердің шағымдары мен талаптары туралы мәліметтер:

- а) клиент туралы мәлімет;

- б) шағым мен талаптың мәні;
- в) брокер-дилер жүзеге асырған әрекеттер бар клиенттің шағым журналында көрсетіледі.

6.10. Ақшаның және бағалы қағаздардың қозғалысын есепке алуды жүргізу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады және кіріс және шығыс ақша төлемдерін және бағалы қағаздарды беруді көрсетеді.

6.10.1. Ақшаның және бағалы қағаздың кез-келген қозғалысы тиісті журналдарда көрсетілу керек.

6.10.2. Ақшаларды және бағалы қағаздарды есепке алу журналдарындағы өзгерістер брокер-дилердің немесе оның клиенттерінің шоттары бойынша бағалы қағаздардың орталық депозитарийдегі немесе тіркеушідегі қозғалысын ресімдейтін құжаттардың және орталық депозитарийдегі немесе тіркеушідегі шоттардан берілетін үзіндінің негізінде жүргізіледі.

6.11. Бағалы қағаздармен жүргізген операциялар туралы жазбаларды брокер-дилер әкімшілік-шаруашылық операциялардың өзге түрлерінен бөлек көрсетеді.

VII. Ішкі бақылау жасауды жүзеге асыру

7.1. Брокер-дилер есепке алу функцияларын тікелей жүзеге асырмайтын тұлғалардың ішкі бақылау жасауларын қамтамасыз ету керек.

7.2. Брокер-дилер:

а) құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу, архивпен жұмыс жасауға рұқсат беру және архивтен мәліметтерді қалпына келтіру;

б) мәліметтердің электрондық жүйесін сақтау;

в) клиенттердің бағалы қағаздарын және ақшаларын есепке алу жөніндегі бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау кезінде ақпараттармен жұмыс жасауға қызметкерлерге рұқсат беру;

г) өртке қарсы шаралар және қызметшілердің төтенше жағдаяттардағы әрекеттері;

д) қызметшілердің лауазымды нұсқауларын жүзеге асырулары;

е) брокер-дилердің кәсіби әдеби ережелерін белгілеуден және сақтаудан тұратын мәліметтердің тұтастығын және ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау жасауды жүзеге асыру керек.

Аталған ережелерді брокер-дилер және ӨРҰ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілейді.

VIII. Брокер-дилердің андеррайтингтік қызметі

8.1. Брокер-дилер эмитентпен оның бағалы қағаздарын орналастыру жөніндегі қызмет көрсетуге жасасқан келісімге сәйкес андеррайтингтік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Келісімде қолданылып жүрген заңдарда көзделген ережелерден басқа, брокер-дилердің эмитенттен бағалы қағаздар алуының тәртібі және оларды инвесторларға сату көзделу керек, оның ішінде:

- а) бағалы қағаздарды орналастырудағы жобаланған баға;
 - б) бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі брокер-дилердің міндеттемелерін көрсете отырып андеррайтингтің нысаны;
 - в) заң кеңесі қызметін көрсетуді қоса отырып, эмиссиялық синдикаттың құжаттамаларына бақылау жасауды және жүргізуді жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы;
 - г) брокер-дилердің эмитентке консультациялық қызмет көрсетудегі міндеттемелері;
 - д) бір бағалы қағазды есептеуден және бағалы қағаздарды бір андеррайтингке есептеудегі бөлуден алынатын комиссиялық сыйақылар;
 - е) бағалы қағаздарды бір бағалы қағазға есептеудегі орналастыруға қатысатын кез-келген брокер-дилерге төленетін жеңілдік;
 - ж) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысудың шарттары және тәртібі;
- з) андеррайтингтік келісімнің күшіне енген күні, оны қолданудың мерзімдері және тоқтатудың шарттары.

8.2. Қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіпте бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркегенге дейін брокер-дилер бағалы қағаздарды орналастыруды жүргізе алмайды.

8.3. Андеррайтингтік келісімде бағалы қағаздардың шығарылымын және бастапқы орналастыруына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі андеррайтерлер немесе эмиссиялық синдикат көрсететін қызметтердің өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

8.4. Бағалы қағаздар эмиссиясының аса көп үлесін орналастыруға қабылдаған андеррайтер басқарушы эмиссиялық синдикатты басқарады және мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- а) эмиссиялық синдикаттың жұмысын басқару және ұйымдастыру;
- б) эмиссиялық синдикаттың құрамын қалыптастыру және жұмысын үйлестіру ;
- в) андеррайтингтік келісімді және эмиссиялық келісім-шартты әзірлеу және жасау;
- г) эмитентпен және үшінші тұлғалармен қатынастарда эмиссиялық синдикатты білдіру.

8.5. Андеррайтерлер:

- а) әуелетті инвесторларға нақты емес ақпараттар беруге;
- б) жүргізілген зерделеулер бойынша бұрмаланған және заңсыз есептерді, сондай-ақ эмиссияның нақты емес немесе толық емес ақпараттар бар проспектісін эмитенттерге беруге;
- в) бағалы қағаздардың эмиссиясы кезінде эмиссияның қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген проспектісінен өзгеше проспектіні пайдалануға және таратуға құқылы емес.

8.6. Андеррайтерлерге немесе эмиссиялық синдикатқа, егер олардың заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде эмитентке елеулі залал келген жағдайда, эмитенттің алдында мүлктік жауапкершілік жүктеледі.

IX. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға бақылау жасау

9.1. Брокер-дилердің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға:

- а) брокер-дилердің қызметінің және қызметінің ішкі ережелерінің олардың қолданылып жүрген заңдармен қызметтің осы түріне қойылатын талаптарға сәйкестілігіне тексеріс жасау;
- б) брокер-дилердің лицензияда көрсетілген қызмет түрімен шұғылдануына тексеріс жасау;
- в) есепке алу, есеп беру және бақылау жасау жай-күйінің қойылған талаптарға сәйкестілігіне тексеріс жасау кіреді.

9.2. Бақылау жасау БҚҰК және ӨРҰ бастамалары бойынша, олар бекіткен, брокер-дилерлерге жасалатын тексерістердің мерзімділігі және қамту көзделген күнтізбелік жұмыс жоспарлары бойынша жүргізіледі.

9.3. Қолданылып жүрген заңдардың бұзылғандығы туралы ақпарат келіп түскенде жоспардан тыс тексерістер жүргізілуі мүмкін.

9.4. Тексерістің нәтижелері актімен ресімделеді.

9.5. Брокер-дилерлер Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес БҚҰК есептер берулері керек.

9.6. БҚҰК талап етуі бойынша брокер-дилерлер өзінің кәсіби қызметі туралы қажетті ақпаратты сұрауды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беруге міндетті. Айрықша жағдайларда БҚҰК брокер-дилердің ақпарат беру мерзімін ұзартуға құқылы.

Егер брокер-дилердің пікірі бойынша БҚҰК жоғарыда аталған ақпаратты беру туралы өкімін мерзімдер және осындай ақпаратты жинауға кететін шығындарға қатысты орындауға мүмкін болмаса немесе ол өзінің мазмұны бойынша заңсыз болып табылса, брокер-дилер осындай талап жөнінде сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК